

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

БЕКІТІЛДІ
Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының директоры



Д. Ұ. Жаманбаева



КЕЛІСІЛДІ

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы
№72 ЖББО ІТ мектеп-лицейінің
директоры
С.К.Тойшыманов

«Future Skills - IT & AI: алғашқы қадам» тақырыбындағы жоба

Жоба жетекшісі:

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта

ІТ мектеп-лицейі» КММ информатика пәні мұғалімі Жумагулова Нургуль Айтугановна

2025-2026 оқу жылы

«Future Skills - IT & AI: алғашқы қадам» жобасының негізі: Мектептерде цифрландыру жұмысын және ЖИ оқыту үрдісінде тиімді пайдаланып, нәтижелі жұмыс жүргізу жолдары.

Үйлестіруші: Асан Д.Н. – Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ЖИ бөлімінің әдіскері, т.ғ.м.

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 ЖББО ІТ мектеп-лицейі» КММ ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында «Future Skills - IT & AI: алғашқы қадам» жобасы талқыланып, бекітілді.

Хаттама № _____

« _____ » _____ 2025 жыл

Мектеп директоры _____ С.К.Тойшыманов

Облыстық сараптау комиссиясының отырысында «Future Skills - IT & AI: алғашқы қадам» жобасы мақұлданды.

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2025 жыл

Сараптау комиссия төрағасы _____

Түсінік хат

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде цифрлық сауаттылық пен ЖИ-ді тиімді пайдалану негізгі талапқа айналып отыр. ЖИ құралдары арқылы оқыту процесін жекелендіру, саралау және даралау әрбір оқушының қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім сапасын арттыруға, білім алушылардың шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

«Future Skills - IT & AI: алғашқы қадам» жобасы 2025–2026 оқу жылына арналған облыстық деңгейдегі білім беру процессінде ЖИ көмекші құрал ретінде енгізу жұмысының бастамасы болып табылады. Жоба педагогтер мен білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға, оқу-тәрбие процесіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізуге бағытталған.

Жоба аясында педагогтерге ЖИ құралдарын сабақта қолдану жолдары үйретіліп, кәсіби дамуға жаңа мүмкіндік ашылады. Білім алушылардың цифрлық сауаттылығы мен практикалық дағдылары қалыптасады, ал ата-аналар ЖИ-дің оң қырларын танып, білім алушылардың ЖИ үй тпапсырмаларын орындауда қауіпсіз әрі тиімді пайдалануды үйренуіне бірде бір үлесін қосады. Сонымен қатар, облыс көлемінде педагогтер мен білім алушылар арасында тәжірибе алмасу алаңы құрылып, ЖИ негізінде жаңа әдістемелік шешімдер мен жобалар жасалады.

Мақсаты:

- Педагогтер мен білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту

Міндеттері:

- ЖИ көмегімен оқытуды саралау, жекелендіру, даралау қағидаларын енгізу;
- Жасанды интеллект технологияларын оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- Оқушылар мен ата-аналарға ЖИ-дің тиімді және қауіпсіз тұстарын таныстыру және үйрету.

Өзектілігі:

- Қазіргі заманғы білім беруде цифрлық дағдылар мен ЖИ технологияларын меңгеру – негізгі талап.
- ЖИ арқылы оқу процесін жекелендіру әрбір білім алушының қабілетін ашуға мүмкіндік береді.
- Педагогтер үшін ЖИ құралдарын сабақта қолдану – кәсіби дамудың жаңа бағыты.
- Ата-аналардың ЖИ туралы түсінігін арттыру – қауіпсіз әрі тиімді қолдануға ықпал етеді.

Күтілетін нәтижелер:

- Педагогтер ЖИ-ді сабақтарда қолдануды меңгереді.
- Білім алушылардың цифрлық дағдылары артып, ЖИ құралдарымен жұмыс істей алады.
- Ата-аналар ЖИ-дің оң қырларын түсініп, оны қауіпсіз қолдану жолдарын үйренеді.
- Облыс көлемінде тәжірибе алмасу алаңы қалыптасады.
- ЖИ арқылы саралап оқыту (дифференциация), жекелендірілген оқыту (персонализация), даралап оқыту (индивидуализация) қағидалары тәжірибеге енеді.

Жоспар мазмұны:

Мерзімі	Іс-шаралар	Орындаушы	Бақылау	Күтілетін нәтиже
Қаңтар	-Бағдарламаны облыстық әдістемелік орталықпен келісу; -«Цифрлық ментор» жұмыс тобын құру; -«Future Skills - IT & AI: алғашқы қадам» жобасының тұсаукесері; Әлеуметтік желіде ЖИ рубрикасының ашылуы.	Әкімшілік, цифрлық менторлар	ӘО, Мектеп әкімшілігі	Жаңа оқу жылының бастамасы
Ақпан	-«Цифрлық құзыреттілікке алғашқы қадам. ЖИ сапалы білім алуда көмекші құрал» -«ЖИ – білім алушылардың білім алу процесіндегі көмекші құралы» әлеуметтік желіде онлайн ақпарат беру. <i>ЖИ- дің жекелеп оқыту мүмкіндіктерін түсіндіру (әр оқушыға жеке оқу деңгейіне байланысты).</i> -«Цифрлық қауіпсіздік» ата- аналар және білім алушылар бірлескен IT weekend;	ӘО, Цифрлық менторлар	Әкімшілік, ӘО	Мұғалімдер тәжірибесін кеңейтеді, ата-аналар ЖИ артықшылықтарын түсінеді
Наурыз	-«AI құралдары арқылы тапсырма құрастыру» педагогтерге арналған онлайн workshop; -«IT-көктем» педагогтердің оқушымен бірігіп жүргізілетін эко-жобалар байқауы; - STEAM және ЖИ пәндер интеграциясының тиімділігін көрсететін ашық сабақтар апталығы (онлайн)	Цифрлық менторлар	Әкімшілік, ӘО	ЖИ құралдарын сабақта қолдану тәжірибесі артады; Мұғалімдер тәжірибемен бөліседі, ЖИ әдістерін сабаққа енгізеді; Оқушылардың ғылыми- шығармашылық қабілеті дамиды; Пәндер интеграциясының әдістерін сабақ барысында тиімді пайдалана алады.
Сәуір	- «EduAI – Жасанды интеллект және білім» облыстық педагогикалық хакатон; -«Менің алғашқы ЖИ- жобам» облыстық онлайн-байқау; <i>Жобаларды бағалау кезінде жекелеп оқыту тәсілдері ескеріледі.</i>	ӘО, мектеп әкімшіліктері, информатика мұғалімдері, сынып жетекшілер, цифрлық менторлар	Әкімшілік, ӘО	Мұғалімдер ЖИ көмегімен оқу мазмұнын бейімдеудің нақты тәсілдерін меңгереді. Командалар әзірлеген ЖИ-ге негізделген сабақ үлгілері, тапсырмалар жинағы, әдістемелік шешімдер дайындалады. Облыс педагогтерінің тәжірибе алмасу алаңы қалыптасады, ЖИ қауіпсіздік мәдениеті қалыптасады;

				ЖИ арқылы зерттеу дағдылары артады, үздік оқушы мен ұстазының жобалары анықталады
Мамыр	-«ЖИ – болашақ мамандығымда» «TEDx + Pitch Deck» форматындағы 10-11 кл оқушыларымен семинар-кездесу	Мектеп әкімшілігі, цифрлық менторлар	ӘО	Мамандық таңдауға бейіндік бағыт-бағдар беру, ЖИ-дің болашақтағы мамандықтармен байланысын ажырату
Маусым	«AI Summer School»: Аудан мұғалімдеріне арналған 3 күндік интенсивті оқу курсы.	ӘО, цифрлық менторлар	ӘО	Мұғалімдер ЖИ көмегімен оқу мазмұнын бейімдеудің нақты тәсілдерін меңгереді
Шілде	ЖИ негізіндегі үздік сабақ жоспарларының облыстық цифрлық жинағын құрастыру.	ӘО, цифрлық менторлар	ӘО	Педагогтерге арналған электронды әдістемелік құралдың дайын болуы.
Тамыз	Тамыз кеңесі: «ЖИ – жаңа оқу жылының негізгі тренді» секциялық отырысы.	ӘО, цифрлық менторлар	ӘО	Облыс педагогтерінің жаңа оқу жылына дайындығы мен әдістемелік бағдары.
Қыркүйек	«AI-Challenge: 24 сағат» (Облыстық жедел байқау-марафоны) <i>Оқу жылының басында ЖИ-ді қолданудың нақты өнімдерін (кейс) жасау.</i>	ӘО, цифрлық менторлар	ӘО	Сабаққа қажетті цифрлық материалдар базасының толығы және үздіктерді марапаттау.
Қараша	«AI-Ұстаз» облыстық видео-сабақтар және сабақ жоспарлары байқауы.	ӘО, цифрлық менторлар	ӘО	Озық педагогикалық тәжірибелердің кеңінен таралуы.
Желтоқсан	Қорытынды форум: «Future Skills - IT & AI: алғашқы қадам – нәтижелер мен болашақ жоспарлар».	ӘО, мектеп әкімшілігі	ӘО	Жылдық жұмыс қорытындыланып, нәтижесі сарапталып, келесі оқу жылына ұсыныстар жасалады